

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 11 шілдедегі N 653 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 23 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 11-12, 290-құжат; N 24, 592-құжат; 1993 ж., N 8, 179-құжат; 1995 ж., N 1-2, 17-құжат; N 23, 155-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; N 12, 184-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 8, 233, 247-құжаттар; 2001 ж., N 13-14, 174-құжат; N 20, 257-құжат; N 24, 336-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; N 24, 155-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) б ү к і л м ә т і н б о й ы н ш а :

"ішкі әскерлері", "ішкі әскерлер", "ішкі әскерлерінің", "ішкі әскерлердің", "ішкі әскерлерге", "ішкі әскерлерді", "ішкі әскерлерінде", "ішкі әскерлердегі", "ішкі әскерлерден" деген сөздер "Ішкі әскерлері", "Ішкі әскерлер", "Ішкі әскерлерінің", "Ішкі әскерлердің", "Ішкі әскерлерге", "Ішкі әскерлерді", "Ішкі әскерлерінде", "Ішкі әскерлердегі", "Ішкі әскерлерден" деген сөздермен ауыстырылсын;

"прапорщиктерге", "прапорщиктерін", "прапорщиктерді", "прапорщиктердің", "прапорщиктер" деген сөздер алып тасталсын;

"әскери-оқу орындарында" деген сөздер "әскери оқу орындарында" деген сөздермен ауыстырылсын ;

2) 2 - б а п т а :

бірінші бөліктің төртінші абзацындағы "елді мекендерде" деген сөздер алып тасталсын;

3) 8-баптың екінші абзацындағы ", Әскери қызметті өтеу туралы ережені" деген сөздер алып тасталсын;

4) 9-баптың үшінші абзацы "офицерлер" деген сөзден кейін "мен келісім-шарт бойынша әскери қызметшілерді" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 10 - бапта :

алтыншы абзацта :

"белгілейді" деген сөз алып тасталсын;

"бекітеді" деген сөз "айқындайды" деген сөзбен ауыстырылсын;

сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру және мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа босату туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы мен Үкіметі қаулысының негізінде Ішкі әскерлер қатарына мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді шақыруды және босатуды ұйымдастыруға Ішкі әскерлердің қатысуын қамтамасыз етеді;"

6) 10 - 1 - бапта :

төртінші абзац "әзірлейді" деген сөзден кейін "және бекітеді" деген сөздермен толықтырылсын;

бесінші абзацтағы "және құрамалардың, әскери бөлімдерінің штаттарын бекітеді" деген сөздер алып тасталсын;

сегізінші абзацта :

"қабылдайды" деген сөз "қабылдауды қамтамасыз етеді" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Ішкі істер министріне Қолбасшының орынбасарларын, құрамалар командирлері мен әскери оқу орнының бастығын тағайындау туралы ұсыныстар енгізеді.";

7) 13 - бапта :

үшінші абзацтағы "түзеу мекемелерін күзету жөніндегі және" деген сөздер алып тасталсын;

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Ішкі әскерлердің әскери бөлімдері мен оперативтік мақсаттағы құрамалары, бөлімдері және арнайы моторландырылған бөлімдері командирлерінің қызметтік-жауынгерлік іс-әрекетінің нәтижелері туралы ақпараттарын тыңдайды;"

бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"ішкі істер органдарына көмек көрсету жөніндегі міндеттерді орындау үшін тұрақты орналасқан мекендерінен тыс жүрген Ішкі әскерлер әскери бөлімдерінің тіршілігіне тиісті жағдайлар туғызады;"

алтыншы, жетінші абзацтар алып тасталсын;

8) 14 - бапта :

бірінші бөліктегі "Президенті" деген сөз "Ішкі істер министрі" деген сөздермен ауыстырылсын ;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Әскери кеңестің құрамын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлері Қолбасшысының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі бекітеді" ;

9) 15 - бапта :

баптың тақырыбындағы "Ішкі әскерлердің Бас штабы" деген сөздер "Ішкі әскерлер комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөліктегі "Ішкі әскерлердің Бас штабы ішкі әскерлерді әскери басқарудың негізгі" деген сөздер "Ішкі әскерлер комитеті бейбіт және соғыс уақытында Ішкі әскерлерді әскери басқару" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "Қарулы Күштері Бас штабымен" деген сөздер "Қорғаныс министрлігінің Штаб бастықтары комитетімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 16-баптың екінші бөлігіндегі "жалпы әскери жарғылардың" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері жарғыларының" деген сөздермен ауыстырылсын ;

11) 17 - бапта :

бірінші бөліктегі "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" және "Келісім-шарт бойынша әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына" деген сөздер "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "жалпы әскерлік жарғылармен" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жарғыларымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "Ант" деген сөз "ант" деген сөзбен ауыстырылсын;

12) 18-баптың үшінші бөлігіндегі "және контракт бойынша қызмет атқарып жүрген әскери қызметшілерге" деген сөздер алып тасталсын;

13) 19-баптың екінші бөлігі:

"Ішкі әскерлердің" деген сөздерден кейін "және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің" деген сөздермен толықтырылсын;

"офицер құрамының" деген сөздерден кейін "және келісім-шарт бойынша әскери қызметшілерінің" деген сөздермен толықтырылсын;

14) 21 - бапта :

екінші абзацтағы "сенімді" деген сөз алып тасталсын;

оныншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"- жаппай тәртіпсіздіктердің жолын кесуге, оның ішінде түзеу мекемелерінде, әскери қарауылдардың күзетінен қашқан адамдарды іздестіруге қатысу және

қылмыстық қудалау органдарынан немесе соттан жасырынған не ауыр қылмыс жасаған адамдарды іздестіруге ішкі істер органдарына көмек көрсету;"

15) 23-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын: "Ішкі әскерлер қаруланатын қару-жарақтың, әскери техниканың және олардың оқ-дәрілерінің, арнайы құралдардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді." ;

16) 25 - бапта :

бірінші бөліктің 3) тармақшасы "адамды" деген сөзден кейін "анықтау және" деген сөздермен толықтырылсын ;

екінші бөлік алып тасталсын ;

төртінші бөлік алып тасталсын ;

17) 26 - бапта :

тақырыбындағы "ұрыс техникасын" деген сөздер "әскери техниканы" деген сөздермен ауыстырылсын ;

бірінші бөліктегі "ұрыс техникасын" деген сөздер "әскери техниканы" деген сөздермен ауыстырылсын ;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Әйелдерге, мүгедектік белгілері айқын адамдарға және кәмелетке толмағандарға қатысты, олардың жасы белгілі немесе анық көрініп тұрса, олар қаруланып не топтасып шабуыл (зорлық-зомбылық) жасаған жағдайлардан басқа, атыс қаруын қолдануға тыйым салынады." ;

бесінші бөлік алып тасталсын ;

18) 31-бапта ", мерзімінен тыс қызметтегі әскери қызметшілер және контракт" деген сөздер "және келісім-шарт" деген сөздермен ауыстырылсын ;

19) 33-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Офицерлерге, келісім-шарт бойынша қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілерге тұрғын үй "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бөлінеді." ;

20) 34-бап алып тасталсын .

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті